



## БАСПАСӨЗ-ХАБАРЛАМАСЫ «ҚУАТТЫ ӨҢІРЛІК ҒЫЛЫМ – ҚУАТТЫ ӨҢІР»

**2025 жылғы 25 сәуірде** Ақтау қаласында, Маңғыстау облысының әкімі Қилыбай Нұрдәулет Игілікұлы және Қазақстан Республикасының Көлік министрі Қарабаев Марат Кәрімжанұлының қатысуымен «**Қуатты өңірлік ғылым – қуатты өңір**» тақырыбында ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық ғылым академиясы Президиумының кезекті көшпелі отырысы өтеді.

Отырыс барысында көлік логистикасын дамытуды ғылыми сүйемелдеудің өзекті мәселелері және ел экономикасының инновациялық дамуындағы өңірлік ғылымның рөлі талқыланады. Маңғыстау облысының дәстүрлі мұнай-газ секторымен қатар көліктік логистика, ауыл шаруашылығы және туризм саласында перспективалар бар. Өңірдің қолайлы географиялық жағдайын ескере отырып, көлік дәлізін кеңейту және Қазақстанды халықаралық көлік хабына айналдыру стратегиялық міндетке айналуда.

Жақында облысқа жұмыс сапары барысында **Мемлекет басшысы** логистиканы дамытуға ерекше назар аудара отырып, өңір экономикасының өсуі үшін басым бағыттарды белгіледі. Алға қойылған міндеттерді ойдағыдай орындау үшін озық технологияларды енгізу, логистикалық процестерді цифрландыру және тасымалдарды басқаруда жасанды интеллектті пайдалану қажет. Бұл мәселелерді шешуде өңірлік ғылым шешуші рөл атқаруы керек. Ұлттық ғылым академиясы Маңғыстау облысы мен өңірлік ғылым және технологиялар кеңесіне осы мәселелерді шешуде жан-жақты қолдау көрсететін болады.

Көшпелі отырыс жұмысына ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академиктері, ғылыми ұйымдардың басшылары, еліміздің жетекші ғалымдары мен бизнес-қоғамдастық өкілдері қатысатын болады.

Көшпелі отырыс жұмысының аясында Маңғыстау облысының өңірлік ғылымы үшін басым міндеттерді айқындау бойынша **форсайт сессия өткізіліп, ғылыми-инновациялық көрме** ұйымдастырылады.

Отырыс қорытындысы бойынша өңірлік ғылымды дамыту **жөніндегі бірлескен жұмыс жоспары** және көлік логистикасын дамыту, саланы ғылыми сүйемелдеу мәселелері бойынша **аналитикалық жазба** дайындалады.

Көшпелі отырыс өңірлердегі ғылым мен технологиялық дамуды нығайту, ғылыми зерттеулер мен өндіріс арасындағы тиімді байланысты орнату, сондай-ақ өңірлік ғылымның әлеуетін арттыру жолдарын қарастыру үшін маңызды алаңға айналады.

**Өтетін күні:** 2025 жыл 25 сәуір (жұма), уақыты: 09:00 сағ.

**Өтетін орны:** Ақтау қаласы, 32 ықшамауданы, 1, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті

**Қосымша ақпарат үшін:** Алиханов Қуантар Дәуленұлы, + 7 775 943 03 05